

Прокуратура органдарының бюджеттен тыс шоттары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 16 қыркүйек N 1345.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.18. N 1298 қаулысымен. ~P981298

"Қазақстан Республикасының 1997-1998 жылдарға арналған қылмысқа қарсы күрес және 2000 жылға дейінгі құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттары жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 маусымдағы N 3558 U973558_ Жарлығын жүзеге асыру мақсатында, прокуратура органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және олардың қызметін ынталандыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Бас прокуратура Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік Бюджеттік банкінде аталған қаражатты екінші деңгейдегі банктердің депозиттік шоттарына есептеу құқығынсыз прокуратура органдарының бюджеттен тыс шотын ашсын.

2. Шотты қалыптастыру көзі, салық қызметі органдары тексеру жүргізген не бюджеттің кіріс бөлігін атқаруды және мемлекет алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелерді қамтамасыз ету бойынша заңдарда көзделген шаралар қабылданған жағдайларды қоспағанда, прокуратура органдарының қуыным жұмыстарының нәтижесінде, сондай-ақ прокурорлық қадағалаудың басқа да шараларымен мемлекетке келтірілген зиянды өтеу және мемлекеттік бюджетті толықтыру жөніндегі жұмыс нәтижелерінің 10 проценті мөлшерінде аударымдар болып белгіленсін.

3. Прокуратура органдары өндіріп алуға ұсынған сомалар салық органдарының бюджетке төленетін төлемдермен бірдей күнтізбелік кезектілікпен өндіріп алуына жатады.

4. Мемлекет алдындағы қаржылық міндеттемелер жөніндегі прокурорлық қызметтің нәтижесінде өндіріп алынған және прокуратура органдарының билігінде қалатын сомалар салық органдарында көздер мен салық төлеушілерге шаққандағы бюджетке түскен сомалар ретінде есепке алынады.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі прокуратура органдарының бюджеттен тыс шотына есептелген қаражаттың сомасына ай сайын өзара салыстыру жүргізіп отырсын.

6. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Әділет

министрлігі, Қаржы министрлігі он күн мерзім ішінде Прокуратура органдарының бюджеттен тыс шотының қаражатын қалыптастыру мен пайдалану тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлеп, бекітсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі прокуратура органдарының бюджеттен тыс шотына түскен қаражаттың жұмсалуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары